ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 3қараша № 4360-23-00-2/2551 ісҚызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясыСансызбаева А.М.,оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 176 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 176 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Строй-тейдж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 336 000 (үш жүз отыз алты мың) теңге тұрақсыздық айыбынжәне 11 805 (он бір мың сегіз жүз бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.М.Сансызбаева**

Көшірмесі дұрыс.

Төраға **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 20 желтоқсан 2023 жылы заңды күшіне енді.

Төраға **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 03.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2023, судья Елшібеков Б. Е., 21.12.2023

4360-23-3-1/2732